

«БЕКІТЕМІН»
«Өнер» бағыты бойынша
ОӘБ төрағасы,
ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің
«Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық
өнер академиясының» ректоры
_____ А. Жүдебаев
2024 жылғы «10» сәуір

**«Өнер» даярлау бағыты бойынша
жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде оқыту
нәтижелерін қалыптастыруға
ұлттық біліктілік шеңберіне, салалық біліктілік шеңберлеріне және
кәсіби стандарттарға сәйкес
Әдістемелік ұсынымдар**

Жалпы ережелер

Кадрлар даярлаудың «Өнер» бағыты бойынша жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде оқыту нәтижелерін қалыптастыруға арналған әдістемелік ұсынымдар (бұдан әрі – Әдістемелік ұсынымдар) Ұлттық біліктілік шеңберіне (бұдан әрі – ҰБШ), Салалық біліктілік шеңберлеріне (бұдан әрі – СБШ) және кәсіби стандарттарға (бұдан әрі – КС) сәйкес оқыту нәтижелерін (бұдан әрі – ОН) қалыптастыру әдістемесін қамтиды.

Осы Әдістемелік ұсынымдарда келесі терминдер мен анықтамалар қолданылады:

Ұлттық біліктілік жүйесі (ҰБЖ) – біліктілік шеңберін қолдайтын тетіктердің жиынтығы, соның ішінде еңбек нарығы тарапынан жұмыскерлердің біліктілігіне деген сұранысты және білім беру мен оқыту жүйесі тарапынан ұсынысты құқықтық және институционалдық реттеу тетіктерін қамтиды.

Ұлттық біліктілік шеңбері (ҰБШ) – еңбек нарығында мойындалған біліктілік деңгейлерінің жүйелі және құрылымдалған сипаттамасы.

Салалық біліктілік шеңбері (СБШ) – салада мойындалған біліктілік деңгейлерінің құрылымдалған сипаттамасы. Әр деңгей бірыңғай параметрлер (критерийлер) жиынтығымен сипатталады, олар дескрипторлар деп аталады.

Кәсіби топ (кәсіби қызмет саласы) – саладағы еңбек қызметі түрлерінің жиынтығы, ортақ интеграциялық негізге ие (ұқсас немесе жақын мақсаттар,

нысандар, технологиялар, соның ішінде еңбек құралдары) және оларды орындау үшін ұқсас еңбек функциялары мен құзыреттер жиынтығын болжайды.

Кәсіби қосалқы топ (еңбек қызметінің түрі) – кәсіби топтың бөлігі, тұтас еңбек функциялары мен оларды орындауға қажетті құзыреттер жиынтығымен қалыптасқан кәсіптердің жиынтығы.

Еңбек функциясы – еңбек процесінің бір немесе бірнеше міндетін шешуге бағытталған өзара байланысты іс-әрекеттер жиынтығы.

Кәсіби міндет – белгілі бір кәсіби топта немесе қосалқы топта еңбек функциясын іске асыруға және қажетті нәтижеге қол жеткізуге байланысты іс-әрекеттердің нормативтік түсінігі.

Функционалдық карта – белгілі бір кәсіби топ немесе қосалқы топ шеңберінде жұмыскер орындайтын еңбек функцияларының, білімдерінің, іскерліктерінің, дағдыларының және кәсіби міндеттерінің құрылымдық сипаттамасы.

Кәсіби стандарт – белгілі бір кәсіби топта (кәсіби қызмет саласында) немесе қосалқы топта (еңбек қызметінің түрінде) біліктілік пен құзыреттілік деңгейіне, еңбек мазмұнына, сапасына және жағдайларына қойылатын талаптарды айқындайтын стандарт.

Кәсіп – адамның негізгі еңбек қызметі, ол арнайы теориялық білімдер, іскерліктер мен тәжірибелік дағдылар кешенін меңгеруді талап етеді, олар арнайы дайындық нәтижесінде алынып, білім туралы және/немесе жұмыс өтілі туралы құжаттармен расталады.

Оқыту нәтижелері – білім алушылардың білім беру бағдарламасын игеруі барысында алған, көрсеткен, қалыптасқан құндылықтары мен қатынастарын қамтитын, бағалау арқылы расталған білім, іскерлік, дағдылар көлемі.

Біліктілік – белгілі бір кәсіби қызмет түрі шеңберінде (кәсіби стандарт талаптарына немесе практика нәтижесінде қалыптасқан талаптарға сәйкес) еңбек функцияларын орындауға қойылатын талаптарға сәйкес келетін құзыреттердің бар екенін диплом, сертификат түрінде ресми тану; олар білім беру, оқыту немесе еңбек қызметі (жұмыс орнында оқыту) процесінде қалыптасады және еңбек қызметін жүзеге асыру құқығын береді.

Біліктілік деңгейі немесе біліктілік шеңберіндегі деңгей – жұмыскерлер құзыреттеріне қойылатын талаптардың жинақталған жиынтығы, ол білім, іскерлік, күрделілік, еңбек контекстінің стандарттан тыс болуы, жауапкершілік пен дербестік параметрлері бойынша сараланған және сипатталған.

Құзыреттер – оқу процесінде алынған білімді, іскерлікті және дағдыларды кәсіби қызметте практикалық қолдану қабілеті.

Дағды (іскерлік) – белгілі бір қызмет шеңберінде нақты міндеттер мен функцияларды орындау қабілеті. Оның екі белгісі бар:

– дағды деңгейі орындалатын міндеттер мен функциялардың күрделілігін және көлемін анықтайды;

– дағдының мамандануы пайдаланылатын білім саласын, қолданылатын

құралдар мен жабдықтарды, өңделетін немесе қолданылатын материалдарды, өндірілетін тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің түрлерін ескере отырып, орындалатын міндеттер мен функциялардың сипатын және ауқымын анықтайды.

Білім беру бағдарламасы (ББ) – білім берудің негізгі сипаттамаларының бірыңғай кешені, ол мақсаттарды, оқыту нәтижелерін, мазмұнын, білім беру процесін ұйымдастыруды, оларды іске асыру тәсілдері мен әдістерін, оқыту нәтижелерін бағалау критерийлерін қамтиды.

Білім – жеке және кәсіби қызметте қолданылатын ақпарат, нормалар.

1 Кесте. ҰБШ біліктілік деңгейлері бойынша білім сипатын сипаттау

Деңгейлер	Білім сипаты
6 бакалавриат	Арнайы (теориялық және практикалық) білімнің (оның ішінде инновациялық) кең ауқымы. Кәсіби ақпаратты өз бетінше іздеу, талдау және бағалау.
7 магистратура	Тұжырымдамалық кәсіби және/немесе ғылыми білім (оның ішінде инновациялық) және белгілі бір саладағы және/немесе салалардың түйісуіндегі тәжірибе. Кәсіби ақпаратты бағалау және іріктеу. Белгілі бір салада қолданбалы сипаттағы жаңа білімді құру. Қызметті дамыту үшін қажетті ақпарат көздерін анықтау және іздеу
8 докторантура	Ғылым және кәсіби қызмет саласындағы ең озық деңгейдегі білім. Осы саланың ең алдыңғы шебінде тұрған жаңа күрделі идеяларды сыни талдау, бағалау және синтездеу үшін арнайы білімді пайдалану. Қызметті дамыту үшін қажетті ақпаратты бағалау және іріктеу. Нақты сала шеңберінде немесе салалар тоғысқан жерде бар білімді және/немесе кәсіби практиканы кеңейту немесе қайта ойластыру. Жаңа идеяларды немесе процестерді әзірлеуге тұрақты қызығушылықтың қабілеттілігін және оқыту процестерін түсінудің жоғары деңгейін көрсету. Инновациялық-кәсіби қызмет саласындағы әдіснамалық білім

2.Кесте. Деңгейлер бойынша дағдылардың сипаттамасы

Деңгейлер	Дағдылар сипаттамасы
6 бакалавриат	1) Шешу тәсілдерін тандауды және алуан түрлілігін болжайтын белгілі бір білім саласына жататын технологиялық немесе әдістемелік сипаттағы проблемаларды шешу. 2) Технологиялық процестің компоненттерін әзірлеу, енгізу, бақылау, бағалау және түзету

	3) Жаңа білімді және түрлі салалардағы білімді ықпалдастыру рәсімдерін дамыту бойынша ғылыми-зерттеу және инновациялық қызметті жүзеге асыру, өз ойларын жазбаша және ауызша нысанда дұрыс және қисынды ресімдеу, нақты саладағы теориялық білімді практикада қолдану білігі мен дағдысы
7 магистратура	1) Жаңа тәсілдерді әзірлеуді, әртүрлі әдістерді (оның ішінде инновациялық) пайдалануды талап ететін технологиялық немесе әдістемелік сипаттағы проблемаларды шешу. 2) Бөлімше немесе ұйым қызметін түзету. 3) Мақсат қоюды ғылыми негіздеу және оларға қол жеткізудің әдістері мен құралдарын таңдау білігі мен дағдылары.
8 докторантура	1) Жаңа білім мен жаңа шешімдер алуға әкелетін жобаларды зерттеу, әзірлеу, іске асыру және бейімдеу. 2) Зерттеудегі және/немесе жаңалықтағы сыни проблемаларды шешу үшін талап етілетін және бар білімді немесе кәсіби практиканы қайта қарауға және жаңартуға мүмкіндік беретін синтез пен бағалауды қоса алғанда, ең озық және мамандандырылған дағдылар мен біліктер. 3) Кәсіби пікірталастарға ауызша немесе жазбаша түрде қатысу, сондай-ақ зерттеулердің бастапқы нәтижелерін халықаралық академиялық басылымдарда жариялау қабілеті. Қоғамның техникалық, қоғамдық және мәдени прогресіне ғылыми және кәсіби деңгейде ықпал ете алады. 4) Идеяларды жинақтау, инновациялық қызмет нәтижелерін болжау, кәсіби және әлеуметтік салада кең ауқымды өзгерістерді жүзеге асыру, күрделі өндірістік және ғылыми процестерді басқару білігі.

Білім беру бағдарламасын жобалау

Білім беру бағдарламасын жобалау кезеңінде мына жұмыс түрлерін жүргізу қажет:

- бітірушінің кәсіби қызмет саласын зерттеу;
- БББ-на сәйкес келетін қызмет саласына тән құзыреттерді және оларды игеру деңгейін айқындау;
- бағдарламаны оқыту нәтижелерін қалыптастыру;
- БББ құрылымын және пәндер тізбесін анықтау;
- құзыреттердің, оқыту нәтижелері мен бағалау өлшемдерінің өзара байланысын анықтау;
- оқыту және оқыту әдістерін, технологияларын, білім алушылардың оқыту нәтижелеріне қол жеткізуін бағалау құралдарын айқындау;
- ресурстарға қажеттілікті анықтау.

жобалау кезеңінде оқыту деңгейімен, кәсіптік стандарттардың және (немесе) жұмыс берушілердің талаптарымен/күтулерімен, сондай-ақ ӘҚҰ-ның даму стратегиясымен шоғырландырылған құзыреттерге байланысты бағдарламаны оқыту нәтижелері тұжырымдалады.

Оқу нәтижелері бағдарламаға бөлінетін академиялық кредиттердегі тиісті пәндердің еңбек сыйымдылығының көлемін айқындау үшін негіз болады. ОП жалпы еңбек сыйымдылығы МЖБС-да көрсетілген тиісті деңгейдегі еңбек сыйымдылығынан кем болмауы тиіс. КБ-да пәндер мен оқыту нәтижелері арасындағы өзара байланыс міндетті түрде анықталуы тиіс.

Білім беру бағдарламаларында оқыту нәтижелері көрсетіледі, оларды сипаттау кезінде Еуропалық трансферт (аударым) және кредиттерді жинақтау жүйесіне (ECTS) сәйкес, АЖӨҰ мынадай шарттарды ұстанады:

- 1) оқу нәтижелері бағдарламаның мәнмәтінін, деңгейін, көлемін және мазмұнын көрсетеді;
- 2) оқыту нәтижелері өзара байланысты болып табылады;
- 3) оқыту нәтижелері түсінікті болып табылады;
- 4) оқыту нәтижелері бағдарламаның оқу жүктемесі шеңберінде қол жетімді болып табылады;
- 5) оқыту нәтижелері тиісті оқу қызметіне, бағалау әдістері мен өлшемдеріне байланысты болып табылады.

Оқу нәтижелерін жобалау кезінде БББ бітірушілерді мынадай құзыреттермен:

- мінез-құлық дағдылары және жеке қасиеттері (softskills);
- кәсіби дағдылар (hardskills);
- сандық дағдылар (digital skills).

Оқу нәтижелері студенттердің алған білімдері мен іскерліктерін пайдалана отырып, құзыреттерді қолдану арқылы кәсіби функцияларды іске асыра отырып, кәсіби қызмет пен жеке даму шеңберінде не істейтінін білдіру үшін белсенді етістіктен басталады. Тұжырымдау үшін әдетте Блум таксономиясындағы белсенді етістіктер қолданылады.

Оқыту нәтижелері:

- еңбек функцияларына бағдарланған;
- еңбек нарығының перспективалық қажеттіліктеріне бағдарланған.

Оқыту нәтижелері өлшенетін болуы тиіс.

Бағдарламаны жобалау оқу пәндеріне арналған деректемелерді пререквизит және постреквизит көрсету арқылы оқыту нәтижелерін қалыптастыруға бағытталған пәндерді оқу бағдарламасының құрылымы мен тәртібін айқындауды көздейді.

Бұдан әрі құзыреттерге қол жеткізуді бағалаудың әдістері мен құралдары жобаланады. Оқыту нәтижелеріне қол жеткізуді бағалаудың әдістері мен құралдарын жобалау кезінде:

- нақты өлшемдерге негізделген өлшенетін бағалау әдістерін қолдану;
- бағалау әдістері оқытудың бағаланатын нәтижелерімен келісілуі тиіс;

- алынған бағалар білім алушылардың құзыреттіліктерін меңгеру деңгейін көрсетуі тиіс.

ББ сапасын бағалау

ББ әзірлеу сапасы мынадай параметрлер арқылы бағаланады:

- осы КБ-ның еңбек нарығындағы қажеттілігі (ұлттық, өңірлік немесе жергілікті деңгейлерде);
- ББ іске асыру бойынша ЖОО әлеуетін көрсету;
- кәсіптік стандарттарға сәйкес келетін ББ-да оқытудың нақты сипатталған нәтижелерінің болуы;
- оқыту нәтижелеріне толыққанды қол жеткізу үшін қажетті академиялық кредиттердің көлемін айқындау;
- ББ-да көзделген білім алушылардың оқу нәтижелерін меңгеруін бағалау әдістерінің барабарлығы;
- оқу процесі барысында білім алушылардың қызмет түрлерінің әзірленген оқу нәтижелеріне сәйкестігі;
- стейкхолдерлермен сындарлы өзара іс-қимылды қамтамасыз ету;
- оқыту, оқыту және оқу нәтижелерін игеруді бағалау процесінің ашықтығы;
- басшылықтың мониторинг нәтижелеріне негізделген ББ-ны ұдайы жетілдіруді қамтамасыз етуі.

1 Қосымша

Оқыту нәтижелерін тұжырымдау кезінде қолдануға болатын етістіктердің үлгі тізімі

Білімді ашуға қолданылатын етістіктер: Анықтау, сипаттау, тізімдеу, табу, байланыстыру, бекіту, жазу, өлшеу, салыстыру, пысықтау, алу, ашу, көрсету, атау.

Түсінікті ашуға қолданылатын етістіктер: Жалпылау, сипаттау, салыстыру, жіктеу, салыстыру, түрлендіру, талқылау, ажырату, анықтау, бағалау, түсіндіру, тұжырымдау, мысалдар келтіру, түсіндіру, аудару, білдіру, суреттеу, пікірталас, болжау, ұсыну, таңдау.

Қолдану қабілетін ашуға болатын етістіктер: Қолдану, бағалау, өзгерту, таңдау, көрсету, ашу, есептеу, түсіндіру, суреттеу, болжау, дайындау, өндіру, байланыстыру, көрсету, шешу, зерттеу, тексеру, есептеу, құрастыру, өзгерту, жіктеу, тәжірибе жасау, шешу.

Талдау қабілетін дамытатын етістіктер: Талдау, бөлу, жіктеу, жүйелеу, салыстыру, қорытындылау, қарсы қою, сынау, диагностикалау, түсіндіру, біріктіру, саралау, ажырату, зерттеу, негіздеу, қорытынды жасау

Синтездеу білігін ашу үшін пайдаланылуы мүмкін етістіктер: Санау, бекіту, біріктіру, құрастыру, қорытындылау, жасау, алу, тұжырымдау, тұжырымдау, жинақтау, белгілеу, түрлендіру, біріктіру, тәртіпті өзгерту, ұйымдастыру, жоспарлау, ұсыну, ойлап табу, қайта формуляциялау, хабарлау, қайта қарау, таңдау, жалпылау, синтездеу, үйрету, әңгімелеу.

Бағалау дағдыларын ашу үшін пайдаланылуы мүмкін етістіктер: Бағалау, құнын анықтау, шешу, анықтау, ранжирлеу, ұсыну, таңдау, ажырату, таңдау, салыстыру, қорытындылау, сынға алу, қорғау, соттау, растау, рейтингтер жасау, жалпылау.

Проблемаларды шешу дағдыларын ашу үшін пайдаланылуы мүмкін етістіктер: Нұсқаларды шешу, таңдау, анықтау, ұсыну, жоспарлау, растау, бағалау, тұжырымдау, әрекет тәртібін сипаттау, әзірлеу, ұсыну.

Коммуникация дағдыларын ашу үшін пайдаланылуы мүмкін етістіктер: Сөйлесу, білдіру, түсіндіру, жауап беру, пікірталас жасау, қорғау, шолу жасау, емтихан тапсыру, әңгімелеу, оқыту, ұсыну, қорытынды жасау.

2 Қосымша

ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯСЫ

Бакалавриатта оқудың негізгі нәтижелері

Білім беру саласының коды мен жіктелері	Даярлау бағыттарының коды мен жіктелуі	№ оқу нәтижелері н (ОН)	Оқыту нәтижелері (ОН). (Шамамен 8-12 РО ұсынылған және әрбір РО бойынша 150 таңбадан артық емес)
1	2	4	5
6B02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар	6B021 Өнер	ОН1	Әлемдік және қазақ өнерінің тарихы мен қазіргі даму үрдістерін білу/түсіну
		ОН2	Оқу пәніне және олармен байланысты мәтіндік деректерді, ресурстар мен тұжырымдамаларды білу/түсіну
		ОН3	Көркем шығарма жасалған және ұсынылған теориялық және тарихи контекст, оның ішінде көркем стильдер мен олармен байланысты дәстүрлерді білу/түсіну
		ОН4	Практикалық мақсаттар мен жағдайлар үшін оқытылатын пән немесе жанрға сәйкес көркем туындыны іске асыру, қайта жасау, жасау, өңдеу және/немесе шығару қабілетін көрсету
		ОН5	Түрлі стильдегі, жанрдағы, формадағы, техникадағы көркем туындыларды көрсетуде кәсіби дағдылардың бар екендігінің дәлелін көрсету
		ОН6	Өзінің көркемөнер тәжірибесін зерттеу үшін негізгі мәселелерді анықтау және өзіндік талдауды қолдану
		ОН7	Қазіргі заманғы арнайы білімді, зерттеулерді және орындаушылық практиканы бағалай, қолдана және сыни талдай білу
		ОН8	Өнер туралы ақпарат пен идеяларды тарату үшін тиісті ауызша, сандық және практикалық форматтарды қолдана білу
		ОН9	Өнер туралы ақпарат пен идеяларды тарату үшін тиісті ауызша, сандық және практикалық форматтарды қолданылған білу
		ОН10	Өз қиялын, интуициясын және эмоциялық түсінігін пайдалана отырып,

			шығармашылық, икемді және бейімделген ойлай және жұмыс істей білу
		ОН11	ұрақты жеке көркемдік дамуға дайындығын, білуге құштарлығын және ақыл-ойының ізденушілігін, өзінің көркемдік және жеке дағдыларын бағалаудың және дамытудың тұрақтылығын, қойылған мақсаттарға қол жеткізу қабілеттілігін көрсету
		ОН12	Көркемдік тұжырымдамаларды әзірлей білу және оларды әлеуетті клиенттер мен жұртшылыққа кәсіби түрде ұсыну қабілетін дамыта білу
	6B02088 Өнермен және гуманитарлық ғылымдармен байланысты пәнаралық бағдарламалар		

Білім беру саласының коды мен жіктелуі	Даярлау бағыттарының коды мен жіктелуі	№ оқу нәтижелері н (ОН)	Оқыту нәтижелері (ОН). (Шамамен 8-12 РО ұсынылған және әрбір РО бойынша 150 таңбадан артық емес)
1	3	4	5
6B02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар	B02101 Музыкатану	ОН1	Әлемдік және қазақ музыка өнерінің тарихы мен қазіргі даму үрдістерін білу/түсіну
		ОН2	Оқу пәніне қатысты музыкалық өнердегі практиканы, стильдерді, жанрларды, тілдерді, нысандар мен техникаларды және олармен байланысты мәтіндік деректерді, ресурстар мен тұжырымдамаларды білу/түсіну
		ОН3	Музыкалық шығарма жасалған және ұсынылған теориялық және тарихи контекст, оның ішінде музыкалық стильдер мен олармен байланысты шығарма және орындау дәстүрлерін білу/түсіну
		ОН4	Түрлі дәуірлердің, стильдердің, жанрлар мен формалардың музыкалық шығармаларын орындау дағдыларын көрсету
		ОН5	Ақпаратты, идеяларды, проблемаларды және шешімдерді кәсіби және әуескөй аудиториямен бөлісе білу
		ОН6	Бұқаралық ақпарат

			құралдарының, әртүрлі форматтағы сөз сөйлеулер мен тұсаукесерлердің көмегімен
		ОН7	Дипломдық музыкатану зерттеулерінің проблемаларына сәйкес тәжірибелік деректерді, ақпаратты жинау мен өңдеудің қазіргі заманғы технологияларын пайдалана білу
		ОН8	Тыңдау, ынтымақтасу, музыкалық өнердің өзекті мәселелері бойынша өз пікірлерін конструктивті түрде білдіру қабілетін көрсету және бірлік пен тұтастықтың жеке пікірін білдіруден басымдығы бар екенін мойындау
		ОН9	Әлемдік және қазақ музыка өнерін насихаттау және тарату үшін жаңа коммуникациялық технологияларды қолдана білу
		ОН10	Қазіргі заманғы музыка ғылымы мен практикасының тұжырымдамаларын, өзекті проблемаларын білу/түсіну
		ОН11	Ғылыми танымның нысандары мен әдістерін және олардың эволюциясын білу/түсіну, музыкалық практиканы меңгеру мен танудың түрлі тәсілдерін меңгеру, қоғам дамуындағы музыкатанудың рөлі
		ОН12	Музыка саласындағы білім беру процесінің субъектілерін дамыту бағдарламаларын, педагогикалық процесті жобалау білігі
			Қазіргі заманғы арнайы білімді, зерттеулерді және орындаушылық практиканы бағалай, қолдана және сыни талдай білу
	В02102 Аспаптық орындау	ОН1	Стильдік және жанрлық тұрғыдан алуан түрлі репертуарды орындауда кәсіби дағдылардың болуын көрсете білу
		ОН2	Әлемдік және қазақ музыка өнерінің тарихы мен қазіргі даму үрдістерін білу/түсіну

		ОН3	Музыкалық шығарма жасалған және ұсынылған теориялық және тарихи контекст, оның ішінде музыкалық стильдер мен олармен байланысты шығарма және орындау дәстүрлерін білу/түсіну
		ОН4	Музыкалық материалды ноталар және/немесе есту арқылы ажырата, түсіндіре, түсіне және/немесе есте сақтай білу
		ОН5	Әртүрлі ансамбльдерде, оркестрлерде және басқа да бірлескен жобаларда музыка орындау қабілетін көрсету
		ОН6	Түрлі дәуірлердің, стильдердің, жанрлар мен формалардың музыкалық шығармаларын талдай білу
		ОН7	Дипломдық зерттеу проблемасына сәйкес тәжірибелік деректерді, ақпаратты жинау мен өңдеудің қазіргі заманғы технологияларын пайдалана білу
		ОН8	Оқу пәніне қатысты музыкалық өнердегі практиканы, стильдерді, жанрларды, тілдерді, нысандар мен техникаларды және олармен байланысты мәтіндік деректерді, ресурстар мен тұжырымдамаларды білу/түсіну
		ОН9	Мамандық бойынша педагогикалық диагностика және педагогикалық кеңес беру әдістері мен тәсілдерін қолдана білу
		ОН10	Оқытудың, жаттығулар мен репетициялардың тиімді және кәсіби сәйкес келетін техникасын көрсете білу
	В02103 Вокалдық өнер	ОН1	Стильдік және жанрлық тұрғыдан алуан түрлі репертуарды орындауда кәсіби дағдылардың болуын көрсете білу
		ОН2	Әлемдік және қазақ музыка өнерінің тарихы мен қазіргі даму үрдістерін білу/түсіну
		ОН3	Музыкалық шығарма жасалған және ұсынылған теориялық және тарихи контекст, оның ішінде музыкалық стильдер мен олармен байланысты шығарма және орындау

			дәстүрлерін білу/түсіну
		ОН4	Түрлі ансамбльдерде және басқа да бірлескен жобаларда музыка орындау қабілетін көрсету
		ОН5	Түрлі дәуірлердің, стильдердің, жанрлар мен формалардың музыкалық шығармаларын талдай білу
		ОН6	Дипломдық зерттеу проблемасына сәйкес тәжірибелік деректерді, ақпаратты жинау мен өңдеудің қазіргі заманғы технологияларын пайдалана білу
		ОН7	Оқу пәніне қатысты музыкалық өнердегі практиканы, стильдерді, жанрларды, тілдерді, нысандар мен техникаларды және олармен байланысты мәтіндік деректерді, ресурстар мен тұжырымдамаларды білу/түсіну
		ОН8	Мамандық бойынша педагогикалық диагностика және педагогикалық кеңес беру әдістері мен тәсілдерін қолдана білу
	В02104 Дәстүрлі музыка өнері	ОН1	Стильдік және жанрлық тұрғыдан алуан түрлі репертуарды орындауда кәсіби дағдылардың болуын көрсете білу
		ОН2	Әлемдік және қазақ музыка өнерінің тарихы мен қазіргі даму үрдістерін білу/түсіну
		ОН3	Музыкалық шығарма жасалған және ұсынылған теориялық және тарихи контекст, оның ішінде музыкалық стильдер мен олармен байланысты шығарма және орындау дәстүрлерін білу/түсіну
		ОН4	Түрлі ансамбльдерде және басқа да бірлескен жобаларда музыка орындау қабілетін көрсету
		ОН5	Түрлі дәуірлердің, стильдердің, жанрлар мен формалардың музыкалық шығармаларын талдай білу
		ОН6	Дипломдық зерттеу проблемасына сәйкес тәжірибелік деректерді, ақпаратты жинау мен өңдеудің қазіргі заманғы технологияларын пайдалана білу

		ОН7	Оқу пәніне қатысты музыкалық өнердегі практиканы, стильдерді, жанрларды, тілдерді, нысандар мен техникаларды және олармен байланысты мәтіндік деректерді, ресурстар мен тұжырымдамаларды білу/түсіну
		ОН8	Мамандық бойынша педагогикалық диагностика және педагогикалық кеңес беру әдістері мен тәсілдерін қолдана білу
	В02105 Дирижирдеу	ОН1	Стильдік және жанрлық тұрғыдан алуан түрлі репертуарды орындауда дирижерлық етудің кәсіби дағдыларын көрсете білу
		ОН2	Музыкалық шығарма жасалған және ұсынылған теориялық және тарихи контекст, оның ішінде музыкалық стильдер мен олармен байланысты шығарма және орындау дәстүрлерін білу/түсіну
		ОН3	Әлемдік және қазақ музыка өнерінің тарихы мен қазіргі даму үрдістерін білу/түсіну
		ОН4	Түрлі ансамбльдерде және басқа да бірлескен жобаларда музыка орындау қабілетін көрсету
		ОН5	Түрлі дәуірлердің, стильдердің, жанрлар мен формалардың музыкалық шығармаларын талдай білу
		ОН6	Дипломдық зерттеу проблемасына сәйкес тәжірибелік деректерді, ақпаратты жинау мен өңдеудің қазіргі заманғы технологияларын пайдалана білу
		ОН7	Оқу пәніне қатысты музыкалық өнердегі практиканы, стильдерді, жанрларды, тілдерді, нысандар мен техникаларды және олармен байланысты мәтіндік деректерді, ресурстар мен тұжырымдамаларды білу/түсіну
		ОН8	Мамандық бойынша

			педагогикалық диагностика және педагогикалық кеңес беру әдістері мен тәсілдерін қолдана білу
	B02111 Композиция	ОН1	Ноталық партитура шегінен шығатын музыканы талдау, қалыптастыру және/немесе жасау арқылы еркін импровизация жасау қабілетін көрсету
		ОН2	Түрлі стильдегі, жанрдағы, формадағы, техникадағы музыкалық шығармаларды орындауда кәсіби дағдылардың бар екендігінің дәлелін көрсету
		ОН3	Дипломдық зерттеу проблемасына сәйкес ақпаратты жинау мен өңдеудің қазіргі заманғы технологияларын пайдалана білу
		ОН4	Әлемдік және қазақ музыка өнерінің тарихы мен қазіргі даму үрдістерін білу/түсіну
		ОН5	Оқу пәніне қатысты музыкалық өнердегі практиканы, стильдерді, жанрларды, тілдерді, нысандар мен техникаларды және олармен байланысты мәтіндік деректерді, ресурстар мен тұжырымдамаларды білу/түсіну
		ОН6	Түрлі дәуірлердің, стильдердің, жанрлар мен формалардың музыкалық шығармаларын талдай білу
		ОН7	Музыкалық шығарма жасалған және ұсынылған теориялық және тарихи контекст, оның ішінде музыкалық стильдер мен олармен байланысты шығарма және орындау дәстүрлерін білу/түсіну
		ОН8	Мамандық бойынша педагогикалық диагностика және педагогикалық кеңес беру әдістері мен тәсілдерін қолдана білу
	B02123 Арт-менеджмент	ОН1	Концерт-театр ұйымдары қызметінің ерекшелігін, мазмұны мен заңдылығын, мәдени саланың ерекшелігін білу/түсіну
		ОН2	Концерт-театр ұйымдары қызметінің ерекшелігін, мазмұны мен заңдылығын, мәдени саланың ерекшелігін білу/түсіну

		ОН3	Мәдениет және өнер ұйымдарының ағымдағы және перспективалық қызметін, оның ішінде коммерциялық, маркетингтік, жарнамалық және ақпараттық-насихаттық салалардағы, персоналмен жұмыс істеуді, концерттерді, қойылымдарды және басқа да шығармашылық іс-шараларды ұйымдастыру жөніндегі қызметті жоспарлай білу
		ОН4	Қазақстанның мәдени мұрасын сақтау және дамыту, бухгалтерлік есеп пен қаржылық қызметті ұйымдастырудың авторлық және сабақтас құқығы мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамалық және өзге де нормативтік-құқықтық актілерін, шығармашылық-өндірістік қызметке қатысты ұйымдастырушылық-өкімдік, нормативтік және әдістемелік құжаттарды білу/түсіну; қызмет бейіні бойынша отандық және шетелдік тәжірибе
		ОН5	Әлемдік және қазақ өнерінің тарихын, қазіргі заманғы даму үрдістерін, халықтық және кәсіби көркем мәдениеттің үздік үлгілерін білу/түсіну
		ОН6	Көркем шығарма жасалған және ұсынылған теориялық және тарихи контекст, оның ішінде көркем стильдер мен олармен байланысты дәстүрлерді білу/түсіну
		ОН7	Тәжірибелік деректерді, ақпаратты жинау мен өңдеудің қазіргі заманғы технологияларын кәсіби проблематикаға сәйкес, әлеуметтік зерттеулер жүргізу технологияларын, оның ішінде дипломдық жұмыстың қажеттіліктері үшін пайдалана білу
		ОН8	Шығармашылық-өндірістік қызметті әкімшілік басқару әдістерін меңгергендігін көрсету, шығармашылық жобаның өзін-өзі ақтау дәрежесін, ықтимал тәуекелдер мен перспективаларды бағалай білу
		ОН9	Мәдениет және өнер саласындағы қазіргі заманғы

			қызмет көрсету нарығының талаптарына сәйкес іс-шараларды, баспасөз конференцияларын, концерттерді, фестивальдерді, көрмелерді, көрсетілімдерді ұйымдастыра білу
		ОН10	Мәдениет және өнер ұйымдары экономикасының ерекшеліктерін білу/түсіну; математикалық модельдеу және статистикалық талдау әдістері; мәдениет және өнер ұйымдарының тауарлары мен көрсетілетін қызметтерінің сапасына қойылатын стандарттар мен техникалық талаптар, олардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру әдістері; мәдениет саласындағы баға белгілеу ерекшеліктері; компьютерлік технологиялар, ақпараттық өнімдер және операциялық жүйелер, коммуникациялардың байланыс құралдары; мәдениет, өнер мекемелері қызметкерлерінің тарифтік саясаты мен еңбекақы төлеу жүйесі; белгіленген есептілікті жасау тәртібі; құжат айналымы ережелері
		ОН11	Мәдениет және демалыс саласында тұтынушылардың мінез-құлқының ерекшеліктерін білу/түсіну; мәдени мақсаттағы тауарлар мен көрсетілетін қызметтер нарығының сыйымдылығын бағалау әдістерін, маркетингтің болжамдарын, перспективалық және ағымдағы жоспарларын әзірлеу тәртібін; рилейшнз, жарнама ісін ұйымдастыру ерекшеліктері, жарнама құжаттамасын қарау және дайындау тәртібі; делдалдармен, дистрибьютерлермен, БАҚ-пен жұмыс істеу тәсілдері мен әдістері

**ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ
ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ**

«Өнер» бағыты бойынша магистратурада оқудың негізгі нәтижелері

Білім беру саласының коды мен жіктелері	Даярлау бағыттарының коды мен жіктелуі	№ оқу нәтижелерін (ОН)	Оқыту нәтижелері (ОН). (Шамамен 8-12 РО ұсынылған және әрбір РО бойынша 150 таңбадан артық емес)
1	2	3	4
7M02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар	7M021 Өнер	ОН1	Өнертану саласында ғылыми зерттеу дағдылары мен әдістерін қолдану
		ОН2	Қабілеттілік кәсіптік және ғылыми даму үшін қажетті ақпарат көздерін анықтау және іздестіруді жүзеге асыру.
		ОН3	Өнертану бағыттары бойынша тұжырымдамалық білімді тереңдету.
		ОН4	Өнертану саласындағы жаңа қолданбалы білімді қалыптастыру
		ОН5	Өнер саласында ғылыми-зерттеу/жобалық қызметтің мақсаттарын өздігінен айқындап, оларды жүзеге асырудың тиімді әдістері мен құралдарын қолдану қабілеті.
		ОН6	Өнертану саласында жаңа білім алу бойынша ғылыми-педагогикалық/жобалық, инновациялық қызметті жүзеге асырады.
		ОН7	Елеулі еңбекті әзірлеу арқылы қолданыстағы білімнің шеңберін кеңейтетін бірегей өнертану зерттеулерін/жобаларын әзірлеу
		ОН8	Ғылыми зерттеу/жоба аспектілерін ұлттық немесе халықаралық референттелген

			журналдарда өзектендіру
		ОН9	Өнер саласындағы бөлімше немесе ұйым қызметінің стратегиясын қалыптастыру.
		ОН10	Өнертану саласындағы жаңа және күрделі идеяларды сыни талдау, бағалау және синтездеу қабілеті
		ОН11	Мақсаттар қоюды ғылыми негіздеу және оларға қол жеткізудің әдістері мен құралдарын таңдау дағдыларын қолдану
		ОН12	Дағдыларды енгізу өнер саласындағы инновациялық тәсілдерді пайдалана отырып, ғылыми, әдістемелік, жобалық, технологиялық сипаттағы проблемаларды шешу.

Келісілді:

Т.Қ.Жүргенов атындағы ҚазҰАИ-ның
ғылыми жұмыс жөніндегі проректоры



**ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ
ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ**

«Өнер» бағыты бойынша докторантурада оқудың негізгі нәтижелері

Білім беру саласының коды мен жіктемелері	Даярлау бағыттарының коды мен жіктелуі	№ оқу нәтижелерін (ОН)	Оқыту нәтижелері (ОН). (Шамамен 8-12 РО ұсынылған және әрбір РО бойынша 150 таңбадан артық емес)
1	2	3	4
8D02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар	8D021 Өнер	ОН1	Мәдениет және өнер саласындағы ғылыми, инновациялық-кәсіби қызмет саласындағы әдіснамалық білімді тереңдету
		ОН2	Жаңа және күрделі идеяларды сыни талдау, бағалау және синтездеу
		ОН3	Өнертану саласындағы түпнұсқалық зерттеудің/жобаның тұжырымдамалық моделін жасау, әзірлеу және бейімдеу
		ОН4	Ұлттық немесе халықаралық рефератталған жарияланымдарда кейбір аспектілері көрсетілген елеулі еңбекті әзірлеу жолымен қолда бар білімнің шеңберін кеңейтетін бірегей зерттеу/жоба арқылы үлес қосу қабілеті
		ОН5	Әлемдік ғылыми және шығармашылық қоғамдастық өкілдерімен коммуникативтік қарым-қатынасқа ықпал ету өзінің зерттеу саласының тақырыбы бойынша
		ОН6	Академиялық және кәсіби контексттер аясында білімге негізделген қоғамды қалыптастыру мүддесінде ғылыми, әлеуметтік, мәдени дамуға ықпал ету.
		ОН7	Өнертану саласында жаңа білім мен жаңа шешімдер алуға әкелетін ғылыми және шығармашылық жобаларды бейімдеу, зерттеу, әзірлеу, іске асыру және

		ОН8	Озық және мамандандырылған өнертану саласындағы сыни проблемаларды шешу үшін талап етілетін синтез және бағалауды қоса алғанда дағдылар мен іскерліктерді пайдалану
		ОН9	Мәдениет пен өнер саласында кәсіби аяда ауқымды өзгерістерді жүзеге асырып, күрделі ғылыми, шығармашылық және өндірістік үдерістерді басқару
		ОН10	Стратегиялар, процестерді және қызметті басқару, шешімдер қабылдау және мәдениет пен өнер саласының институционалдық құрылымдары деңгейінде жауапкершілік алу.
		ОН11	Мәдениет пен өнердің ғылыми және практикалық салаларында көшбасшылық, дербестік, күрделі инновациялық идеяларды талдау, бағалау және іске асыру қабілеті.

Келісілді:

Т.Қ.Жүргенов атындағы ҚазҰАИ-ның
ғылыми жұмыс жөніндегі проректоры

